

*Э. Ф. Шуматов, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты, полиция лейтенанты;
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)
М. М. Шуматова, магистрант*

(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК - ӨЗІНДІК САНАНЫҢ СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ

Тәуелсіздіктің қалыптасуы, ұлттық мемлекеттіліктің дамуы қоғамдағы біріктіру факторы табылатын салауатты ұлттық бірегейлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Ол мемлекет территориясында тұратын барлық этностық топтар мүдделерінің теңқұқылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатқа едәуір ықпал ете алады.

Ұлттық бірегейлік мәселесінің қиындылығы мен күрделілігі — оның көп қырлылығында. Сондықтан оны зерттеу барысында белгілі бір оқиғалардың, саяси бағдарламалардың, әдемі идеялардың, сезім мен көңілдің жетегінде кетуге болмайды.

Қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі Абай ілімі бүгінгі ұрпақты «қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ»¹ дегендей ұлттың жан дүниесіне терең үніліп, сын көзбен қайта қарауды талап етеді. Айта кету қажет, ұлттық бірегейлік тұрақты сипатқа ие, алайда оған қоғамдық-тарихи тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа бергенімен, оған жасампаздық та бөтен емес. Сондықтан ұлттық бірегейліктің құрамдас бөліктерін, қазіргі ғылымда бірегейлікпен қатар қолданыста, алайда одан мәні жағынан айырмашылықтары бар ұғымдар мен құбылыстарға анық, әрі толық түсінік беретін кез жетті. Солардың бірқатарына тоқталсақ.

Бүгінгі қазақстандық ұлттық сананың дамуында екі бағыт байқалады. Біріншісі — қазақ ұлтын асыра мадақтау. Бір халықты орынсыз дәріптеу, оның тарихын бірыңғай батырлық пен даналықтың үлгісі ретінде баяндау, болмаса оны тарихтың құрбаны етіп көрсету, ұлт басына түскен ауыртпалықтары бір ғана отаршылдардың, басқыншылардың арам пиғылымен түсіндіру сияқты біржақты пікір де ұлтты тоғышарлық рухта тәрбиелейді.

Ұлттық ерекшелікті көрсетудің объективтендірілген түрі ретінде, мысалы, ұлттық мінез-құлықты жатқызуға болады. Ол бірегейлік ерекшеліктер мен әлеуметтік іс-әрекетте байқалатын сыртқы көрініс, бір ұлттық топтың екінші топтан айырмашылығы түрінде байқалады.

Ұлттық өзіндік сана мен ұлттық бірегейліктің негізінде сәйкестенудің әлеуметтік механизмі жатыр. Ұлттық және этностық бірегейлік тұлғаның әлеуметтік нақтылықты меңгерудегі маңызды механизмдерінің бірі, ол әртүрлі ұлттық топтар мен әлеуметтік байланыстардағы ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуында күшті фактор ретінде тұлғалық пікірлер жүйесінің қалыптасуына негіз бола алады. Ұлттық және этностық бірегейлену бұқаралық іс-әрекет пен саяси іс-қимылдарына өте мықты катализатор ретінде қызмет етеді (әсіресе дағдарысты қоғамдарда).

Ұлттық және этностық қалыпқа жатқызу туған кезден бастап, ана тілінде сөйлеумен және адамның қоршаған ортасындағы мәдениетпен бірге жасасады, ал қоршаған ортадағы мәдениет өз кезегінде жалпыға бірдей тәртіп стандарттарын және тұлғаның өзіндік дамуына әсер етеді.

Ұлттық және этностық бірегейленудің тұрақтылығы адамның өзі туралы өзіндік түсінік пен басқалардың түсініктері арасындағы, әлеуметтік және жеке «Мен» арасындағы үйлесімді қарым-қатынасқа жету қабілетін қамтамасыз етеді. Алайда мұндай бейімделу динамикалық үрдіспен қалыптасады, себебі адамдардың дамуы барысында олардың ұлттық бірегейлігі үздіксіз өзгеріп тұратын сыртқы ортаның сынақтарына ұшырайды. Осыдан келіп, әлемдегі өз орны туралы, өз мақсаттары мен басқалармен қарым-қатынастары туралы белсенді түрде ой түйу нормативті және психикалық-әлеуметтік дағдарыс мүмкіндігі туады.

Бірегейлік тұлғаның қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасынан, іс-әрекеті ерекшеліктерінен көрінетін өзіндік белгілерден құрылған тұлғалық «қойма». Бірегейлік өз негізінде нақты тұрақты тұлғалық тәртіптің бағыттылығына жағдай жасайтын, әртүрлі салалардағы нақтылыққа байланысты адамның қажеттіліктерінің, сезімдерінің, мүдделерінің, идеалдарының, мақсаттарының үстемдігін көрсетеді.

Ұлттық бірегейлік құрылымында ерекше орынды оның ментальдық бірлестігі алады, ол саналы немесе санасыз өз ұлттың рухани тәжірибесімен сусындайды. Философиялық құрылымдар өз дүниесінде белгілі бір ұлттың тәжірибесімен тығыз байланысты. Ұлттың рухани мұрасы қаншалықты бай болса, ол ұлт дамуы барысында мобильді іс-әрекеті жемісті болып келеді.

Ұлттық бірегейлік пен ұлттық менталитетті тығыз байланыстыратын тағы бір компонент ол ұлттық имидж болып табылады. Ұлттық имидж дегеніміз — басқа халықтың өкілдеріне танылатын сипат және де сол арқылы нақты бір ұлт өзін басқаларға көрсетіп, дәлелдей алады. Ұлттық имидж де ұлттық менталитетті, бірегейлікті зерттеуде маңызды орын алады, ол туралы Б. Ф. Поршнев былай дейді, ұлттық имидждің ядросы ретінде «біз» ұғымының жеке немесе ұжымдық деңгейде түсінілуі жатады². «Материал алғашқы қауымдық қоғам тарихынан ғана емес, алайда әртүрлі тарихи кезеңдерде көрінеді, кейде тіпті «олар» деген ұғым болса да «біз» ұғымы жоғалып кетеді. «Олар» — «біз» емес, немесе керісінше, «біз» — «олар» емес. Тек қана «олардың» барлығы, «оларға» қатысты өзіндік анықталып алу арманын тудырады, «олардан» «біз» деген сезім арқылы бөлініп шығу».

Ұлт табиғаты, ұлттық бірегейлік — күрделі де жан-жақты құбылыстардың бірі. Ұлт табиғатын тану, оның тарихи тағдыры мен болмысын анықтау — қоғамдық ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе. Бір қарағанда ұлт деп тегі бір, тілі, мәдениеті, дәстүрлері ортақ адамдардың қауымдастығын айтуға болады. Миллиардтан асқан қытайлықтардан бастап, бірнеше жүз құрайтын юкагирлерге дейін этносты құрайды. Ұлттардың тарихи тағдыры, өзара ықпалдасуы мен байланысуы қоғам өмірінде жан-жақты көрініс алып отыр.

Ең бастысы — әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру. Оны тек бір тілде сөйлейтін әлеуметтік топтардың бірлігі мен қарама-қарсылығы деумен шектелу, оның терең дүниетанымдық тамырларын ескермеуге әкеледі.

Ұлттық бірегейлікті бағытталған мемлекеттік идеология арқылы, мемлекеттік саясат арқылы өзгертуге болады, оның жақсы қасиеттерін басып-жаншып, жаман қасиеттерін әшкерелеуге де болады (бұған қатысты кеңестік тарихымыздан көптеген мысалдар келтіруге болады) немесе керісінше мемлекеттің стратегиялық мақсатына жетуі үшін, салауатты мемлекеттік ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ұлттық бірегейліктің жақсы жақтарын дәріптей отырып, жастарды жаңа сапалы рухта тәрбиелеуге де болады.

Басқа саяси тұрақты мемлекеттермен салыстарғанда Қазақстанда ұлттық бірегейліктің қалыптасу және даму үрдісіне жағдай жасау қоғамдағы руханилыққа импульс бола алады, ол азаматтардың өзін бағалай білуі мен ұлттық қадір-қасиетті сезінуге кепілдік береді. Рухани бастаулар болмысын анықтауда экономика да аз рөл атқармайды, керісінше әсіресе дағдарысты жағдайларда қоғамның рухани көңіл-күйі қоғамдық ағзаның тереңнен жаңаруына алғашқы себеп бола алады.

Әрбір азамат өзін өз халқының тарихы мен мәдениетінің дәл төріне қоя білуі қажет, сол халықтың бір бөлігі ретінде, халықтың тағдыры мен өткені әрбір азаматтың өмірімен тығыз байланысты екенін сезіне білуі қажет. Әрбір халық бір жағынан әлемдік-тарихи үрдістің бөлігі ретінде саналса, екінші жағынан өз ерекшелігімен қайталанбас құндылық. Н. Бердяев былай деп санаған: «... адам адамзат қауымына орыс, француз, неміс немесе ағылшын атауларына ие болған жай адам ретінде емес, ұлттық ерекшелігі арқылы енеді. Адам болмыстың толық бір баспалдағын аттап өтіп кете алмайды, олай болса ол қайыршыланып, бос кеуде болып қалар еді. Ұлтжанды адам — жай адамға қарағанда жоғары, онда адамның тектік сипаты бар, тіпті сонымен бірге жеке-ұлттық белгілері де бар»³. Жеке бір ұлт адамзат қауымы құрамына қажеттілік ретінде енеді, онсыз қауымдық толық емес немесе тіпті зиян да шегуі мүмкін. Әрбір ұлт Бердяевтің ойынша, «күрделі иерархиялық баспалдақ, онда тарихи тағдырдың өткірлігіне ерекше көрініс тапқан. Мұнда табиғи нақтылық тарихи нақтылыққа айналады»⁴.

Тарихи үрдістің субъектісі бола отырып, ұлт өз күшінің арқасында және өз құндылықтарына сай өз траекториясында дамиды, нәтижесінде «адамзаттықтың жағымды нақты тұтастығына адам болмысының барлық сатысы кіреді, одан ештеңе алынбайды да, жоғалтылмайды да». Адамзаттық тұтастық «ұлттардың күрделі иерархиясымен» түсіндіріледі, олардың әрқайсысы өзінің сапалы үлесін қосып отыруы қажет, соның нәтижесінде «космостық иерархиядағы бір тұлғалық құбылыс ретінде»⁵ ол тұтастық өмір сүруге қабілетті және тұрақты, бай әрі мықты бола алады. Тек қана жалпы адами мұрадан алып қана қоймай, оны техникалық жағынан да, құндылықтар жағынан да толықтырып отыру үшін еңбектену қажет.

Қазіргі таңда Қазақстанда халықтың этномәдени негізі бойынша көлденең бірігуі көбіне идеякратиялық сипатқа ие. Себебі үкімет тарапынан жүргізілетін саясат пен оның ұйымдастырушы рөлі ұлтаралық интеграцияға көп көңіл бөлуде. Сондықтан, саяси элита осы факторды ескеріп, қазақстандық ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда қазақ жерінде тарихи, табиғи жағдайда (еріксіз түрде емес) қалыптасқан ұлттық бірегейлік ерекшеліктерін ескеруі қажет. Біздің ойымызша, мемлекеттік билік мемлекеттің негізін құрайтын қазақ этносы ұлттық менталитетінің базалық құндылықтарына сүйене отырып, биліктің негізгі ресурсы

ретінде өзінің маңыздылығын көрсетуі қажет. Олай дейтін себебіміз, қоғамдағы ұлтаралық келісім мен мәмілеліктің кепілі болып қазақ ұлтының өзіндік бірегейлігі саналады.

Қорытындылай келгенде айтарымыз, ұлттық бірегейлік, әрине, көптеген сыртқы факторларға байланысты сырттай өзгергенімен, заманға сай бейімделгіштік қасиетін көрсете отырып, өз ядросын немесе түпкі тамырын өзгеріссіз қалдыра алады. Сол арқылы өзіндік ықпал да етеді. Бұл жағдайда бірегейлік қорғағыштық қызмет атқарады. Заманның қойған талабына сай ұлттың бейімделуін жеңілдететін де осы бірегейліктің қасиеті.

Қазақ ұлттық бірегейлігін қазақ халқының өзіндік сананың, рухани дүниесінің сыртқы көрінісі ретінде қарастыра отырып, қазақтың ұлттық бірегейлігіне сипаттама бергенде біздің мақсатымыз басқа халықтарда жоқ қасиеттер, өз ұлтымызда бар деп айтудан аулақпыз.

Ұлттық қасиеттер барлық халықтарда кездеседі, тек мәселе ол қандай деңгейде көрсетілген. Мысал ретінде өмір сүруге қабілеттілікті алсақ, ол барлық ұлттарға тән қасиет, тек кейбір объективті себептерге — халықтың маңдайына түскен қиын тарихи сынақтарға байланысты — ол біздің ұлттық менталитетімізде, бірегейлігімізде интенсивті деңгейде кездеседі. Ұлт бірегейлігін зерттеген ойшылдардың атап кеткен ұлттық қасиеттер, әлеуметтік нақты өмірде көрініс тауып отыр, бұл жерден біздің көретініміз саналылықтан санасыздықтың басым тұрғаны; адамгершілік және рухани элементтердің мәнінің жоғарылығы.

- 1 Бурбаев Т. Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. — Астана, 2005. — 287-6.
- 2 Бердяев Н. Я и мир объектов. Опыт философии одиночества и общения. — Париж, 1931 // Цитаты из книги: Пути всех к мудрости. — М. 1987. — С. 267.
- 3 Сонда.
- 4 Сонда.
- 5 Сонда.